

**«6D041700-Сәндік өнер» мамандығы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған
Досжанов Бауыржан Таттибековичтің
«Қазақ монументалды-сәндік гобелен өнері: дәстүрлі және
инновациялық даму модельдері» тақырыбындағы докторлық
диссертацияның
АҢДАТПАСЫ**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Заманауи қазақ монументалды-сәндік гобелен өнеріндегі негізгі міндеттер Қазақстанның ұлттық көркем мәдениетінің даму кезеңінде аса өткір және өзекті мәселе болып табылады. Отандық бейнелеу өнерінің дамуындағы бұл ахуал өзіндік ерекшеліктерге толы, салт-дәстүр мен жаңашылдықтың өзара күрделі әрекеттестігімен анықталады. Бүгінде, қазақ тоқыма өнерінде гобелен өнеріндегідей сантүрлі авторлық стильдер мен бағыттар дамыудың жаңа қырымен ерекше.

Заманауи Қазақстанның өнері үшін әлемдік және отандық философиялық-эстетикалық ойдың сындарлы зерделенуі негізінде, көркем шығармашылықтың өнертанулық мәселелерінің көрінісіндегі заманауи Қазақ елінің ұлттық монументалды-сәндік гобелен өнерін жаңа сапада, критикалық реализм, гобелендік метафора ретінде пайымдау әдістемесі жетіспеді.

Сондықтан бүгінгі таңда ұлттық болмысымызды қайта жаңғырту мақсатында өнеріміздің рухани даму сатыларын жетік бағамдап, гобелен өнерінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерінің тарихи дәстүрлері мен кезеңдерін зерделеу - заманның шынайы талабы болып табылады. Оған еліміздегі мәдениеті қолдауға бағытталған бағдарламалар игі әсерін тигізуде.

Республикамыздың мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының анағұрлым маңызды бағыттарының бірі ұлттық өнерді сақтап-дамыту, зерттеу, оны заманауи талаптарға сай дамыту, мәдени мұраларды қастерлеу. Қазақстан үкіметі креативті экономиканы дамыту мақсатында «Креативті индустрия» ұғымын енгізу арқылы мәдениетті, экономиканы және әлеуметтік саясатты тығыз байланыстырады, оның жаңа заман талаптарына сай қалыптасуына жол ашатын бағдарлама екені сөзсіз. Ол туралы 2021 жыл Халықаралық креативті экономика жылы болып жарияланды. Осыған байланысты ел Президенті Қ.К. Тоқаев креативті экономиканың нормативтік аспектілерін реттеуді тапсырды: «Біздің елде шығармашылық индустрияны дамыту үшін орасан зор мүмкіндіктер бар. Қазақтың мәдени толқыны аймақтық және жаһандық деңгейде өз жолын сенімді түрде басып келеді. Біз мәдениетімізді сауатты пайдалануымыз керек деп тоқталып кетті».

Гобелен өнерінің өткенін қайта таразылау, эволюциялық өрлеу кезеңдері мен оның адамзаттық рухани таным жетістіктерімен байланыстылығын

айқындау, оның қоғамдағы эстетикалық, танымдық, тәрбиелік, реттеушілік қызметтерімен астасып жатыр.

Диссертация тақырыбының өзектілігін туындатқан Қазақстан монументалды-сәндік гобелен өнері дамуының негізгі кезеңдері мен тенденцияларының ерекшеліктерін критикалық реализм және гобелендік метафора әдістемесі тұрғысынан зерттеу бүгінгі күнге дейін кешенді және жүйелі түрде қарастырылмаған. Сондықтан, Қазақстан өнертану ғылымында зерттеу жұмысы отандық гобелен мектебінің қалыптасу мен дамуының маңызды ролін жаңаша айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны

XX ғасырдың ортасы мен қазіргі уақытқа дейінгі қазақстандық және әлемдік монументалды-сәндік гобелен даму үрдістері.

Зерттеу пәні

Қазақ монументалды-сәндік гобелен өнерінің дәстүрлер мен инновациялық даму модельдері.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты

Заманауи Қазақстанның монументалды-сәндік гобелен өнерінің көркемдік-идеологиялық мазмұны, даму алғышарттары, басқару теориялары, метафоралық сипаты, соцреализмдік бедерлері, эпикалық және метафизикалық заңдылықтары және технологиялық, оқу-өндірістік, экономикалық дамуының жаңа модельдер жүйесін өнертанулық тұрғыдан талдау.

Диссертациялық зерттеудің міндеттері

- монументалды-сәндік гобелен өнерін дизайндық категория ретінде өмір салты бастауларынан қарастырып, оның тарихи-мәдени негіздерін айқындау;

- гобелен өнерін зертеуде ұйымдастырудың көп мақсатты пәндік басқару теориялары мен метафорлық сипатын зерделеу;

- социалистік реализмдегі монументалды гобеленнің кеңестік бейнелеу өнері кезеңіндегі даму ерекшеліктеріне сараптама жасау;

- қазақ заманауи гобелен өнерінде көркем бейнелердің эволюциясы дәстүрлі эпикалықтан метафизикалыққа ауысу заңдылықтарын салыстырмалы талдау жасау;

- Қазақстан монументалды-сәндік гобелен өнері жаңаша дамуының технологиялық, оқу, өндірістік, экономикалық жаңа модельдер жүйесін бағамдау;

- Заманауи интерьердегі қазақ монументалды-сәндік гобелен өнерінің трансформациялануы, жаңа формалық ізденістері мен көркем-технологиялық даму модельдеріне сараптама жасау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Осы диссертациялық жұмысты кешенді түрде зерттеу мақсатында пәнаралық зерттеулерге байланысты, ірі философтарды, мәдениеттанушы, өнертанушы, тарихшы және археологтардың ғылыми жұмыстары негіз болды. Шетелдік өнертанушылардың ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі

теориялық тұжырымдары ғылыми жұмысымызда басшылыққа алына отырып сәндік өнер мәселесіндегі алғышарттардың пайда болуын, оның тарихи дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи әдіс қолданылды.

Гобелен өнерінің шетелдік әдебиеттерде зерттеуге негіз болған Байерс Терри, Х. Цоускас, С. Флитвуд, Д. Марш, М. Майер П.Шмидт және т.б.

Гобеленнің танымдық және педогогикалық аспектілері тұрғысынан келесі авторлардың еңбектері негіз болды: К.М. Миралья, К. Оливер, Дж. Далтон, Ж. Делонг, Ж. Крессуелл, С. Баеруелдт, Х. Герман, М. Бахтин, Дж. Уайтхед, Дж. Уиллямс және т.б.

XX ғасырда кеңес одағындағы (КСРО) гобелен өнерінің қалыптасуы мен даму мәселелерін назарын аударған өнертанушылар: В.И. Савицкая, Л.Н. Хоманько, Д.А. Начюлен, Н.В. Мельникова, Г.Д. Кусько В.Д. Уваров және т.б..

Жаңа ғасырдың басында гобелен өнерінің дамуын ғылыми дәрежеде зерттелуі Н.И. Бещева, Л.Б. Семизора, О.И. Киселева, А.В. Матюхина, Г.Д. Гачев, В.И. Савицкаяның зерттеуімізде маңызы зор болды.

Ұлттық өнерімізді, мәдениеттімізді философиялық тұрғыда зерттеген К.Ш. Нұрланова, С. Ақатай, Б.Р. Қазыханова, Б. Ибраев, Т.Х. Ғабитов, Б.К. Байжігітов, Қ.З. Халыков, Ж.Т. Берістенов, А.К. Малаев, т.б. отандық ғалымдардың теориялық таным-түсініктері мен жеке қағидалары басшылыққа алынды.

Мәдениеттанушылар Б.Р. Казыханова, Б. Ибраев, А.Х. Марғұлан, К.Т. Ибраева, М.С. Мұқанов, М. Әуезов, С. Ақатаевтың өнертанулық зерттеулерде қарастырылған.

Диссертацияда көтерілген мәселелердің шешімін табуға этнографтар У. Джанибеков, С. Қасиманов, Х. Арғынбаев, Ә. Тәжімұратов, Н. Мыңжани, К.Н. Раймханованың еңбектері пайдаланылды.

Қазақстандық өнертанушылардың ғылыми жұмыстары диссертациялық зерттеулер жүргізудің ақпараттық материалдық базасын қамти алды. Атап айтқанда, Г. Сарықұлова, И. Рыбакова, М. Ғабитова, Е. Вандровская, Л. Плахотная, В. Бучинская, Р. Копбосинова, Р.Е. Ергалиева, С.К. Кобжанова, Х.Х. Турысбекова, Г.К. Ибрайшина, С.К.Қаржаубаева, т.б.

Қазақ ұлттық гобелен мектебінің негізін қалаушы К.К. Муратаев, С.А. Шкляева А. Ералы, А. Калинина, У. Аязбекова, Н. Вулл, Б. Барманқұлова, Ж. Берістенов және т.б.

Жалпы, кеңес, ресей және отандық өнер тарихындағы жалпылама ғылыми зерттеулер жеткілікті болғанымен, гобелен өнерін зертудің жаңа тәсілі критикалық реализм, гобелендік метафора ретінде пайымдау әдістемесі ұлттық монументалды-сәндік көркем бейнені іздестіру үрдісі жан-жақты өнертану ғылыми талдауларының арнайы пәніне айнала алмады. Бұл факт отандық өнертану ғылымында заманауи Қазақстанның гобелен өнерін зерттеуде танымдық, теориялық және көркемдік білімдерді тереңдетудің қажеттілігінен туындап отырғанын көрсетеді.

Зерттеудің әдістемелік негізі

Жұмыстың зерттеу әдісі ретінде объективті-аналитикалық, салыстырмалы сараптама тәсілдері, нақты-тарихи, жүйелілік, салыстырмалық, логикалық, әдістемелік ұстанымдары басшылыққа алынды. Осы диссертациялық зерттеулер заманауи Қазақстандағы гобелен өнерінің герменевтикалық әдістемені қолдану негізінде талданып, монументалды-сәндік гобелен өнерін сипаттауға деген талпынысын білдіреді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі

Қазіргі заманғы әлемдік теориялық зерттеу императивін белгілеген шетелдік ғалымдар Байерс Терри, Д. Марш, Маргарет Майер және Памела Шмидт рефлексиялау және жаңашылдық тәжірибелерін даму модельдері ретінде негізге алынды.

Сол сұрақтарға кеңестік және посткеңестік өнертанушылардың Д.А. Начюлен, Н.В. Мельникова, В.И. Савицкаяның зерттеуімізде ауқымды түрде сараптама жүргізуге көп себебі тиді.

Сондай-ақ, М. Ф. Мұқановтың 2016 жылы қорғаған «Қазақстанның заманауи гобелен өнеріндегі көркем бейне» тақырыбындағы диссертациялық талдауы жан-жақты гобелен өнерін жүйелеуге себеін тигізді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- гобелен өнерінің бастаулары қоғамның өмір сүру салты мен қоршаған орта көрінісіндегі дизайндық категория ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік-мәдени болмыстық мазмұны *идеалдылық, мағыналылық және тұтастық* сапасында ашылды.

- әлемдік көркемсурет тәжірибесі контекстіндегі гобелен өнері эволюциясының «материалды» және «идеалды» шындық қатынасындағы әлеуметтік-басқару мен орындалу мәндері ажыратылды;

- кеңес одағы кезеңіндегі монументалды-сәндік гобелен өнеріне өнертанулық сараптама жүргізіліп, социалистік реализмнің көркем шығармашылықтағы идеологиялық бедері зерделенді;

- заманауи гобелен өнерінде қазақ суретшілері көркем образдар эволюциясының дәстүрлі эпикалықтан (құрылым күрделілігі мен тақырыптың әртүрлілігі, объективтіліктің субьективтілікке өзгеру) метафизикалыққа (эстетикалық көзқарастың мәдениеттегі трансформациясы, онтологиялық статус, болмыс «медиумы», болмыстың мәнін белгі, таңбалар арқылы ашу) ауысу заңдылықтары пайымдалды;

- монументалды сипаттағы ауқымды гобелендерді орындаған отандық суретшілердің жұмыстары топталып, сараптама жасалып, шығармашылығына талдау жасау арқылы технологиялық, оқу, өндірістік, ерекшеліктері анықталды;

- Заманауи интерьердегі қазақ монументалды-сәндік гобелен өнерінің өзара әсерлесу арқылы трансформациялануы және ұлттық элементтерді қосу арқылы, технологиялық және көркем ерекшеліктеріне сараптама жүргізіледі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1) Қоршаған ортаға дизайндық көзқарас тұрғысынан гобелен табиғи ортаның көрінісін, өмір сүру ортасын жобалау категориясы ретінде өзіндік

мәнге ие. Өнерді концептуализациялауға ұмтылыстар қазіргі мәдени жағдайда оның рәміздерге әсіре қызығушылығымен сипатталады. Бұл жағдайда «өнер», табиғи бейнелі ойлаудың нормалары бойынша емес, белгілі бір ойлау сатысының нормаларына сәйкес образдар жасап, осы образдардың құрылымында ол «идеяларды бекітуші» ойлау тәсілі ретінде көрінген.

2) Гобелен шығармасы, біріншіден «материалды шындық» ретінде қоршаған ортада жеке тұлғалармен байланысты және «идеалды шындық» нақтылық дискурспен тұжырымдамалық нысандарды білдіреді. Гобеленде әртүрлі материалдар мен әдістердің қолданылуымен қатар, жасалуында олардың тұрақты емес басқа орындаушылар интерпретациясына ашық өзгермелі, күрделі және мәнді құбылыс екендігімен пайымдалады.

3) Қазақ гобелендері дәстүрлі қолданбалы өнеріндегі көркем тоқыманың бір формасы ретінде емес, кеңес одағы кезеңіндегі монументалды пішіндер мен нысандарының дамуының өзіндік феномені. Қазақстан гобелен өнері ішкі және сыртқы факторлар ықпалы нәтижесінде қалыптасып заманауи өнер айдынында өзіндік орны бар сәндік-қолданбалы өнер түрі ретінде дамып келеді;

4) Қазақстанның монументалды-сәндік гобелен өнерінің пластикалық ойлары мен көркемдік түсініктерімен ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы өнердің жалпы мәдени-эстетикалық үлгілерінің көрінісі болып табылады. Қазақстан гобелен өнері туындылығының эпикалық сипаты мен монументалды шешіміндегі халық мәдениетінің дәстүрлі көріністері арқылы «ұлттық стиль» қалыптасты.

5) Сәулет интерьер және дизайн өнерімен қатынасындағы монументалды гобеленнің ұлттық мәдени құндылығы және авторлық көркем стильдерінің жаңашылдығы айқындалды. ХХ ғасырдың аяғы ХХІ ғасырдың басында Қазақ монументалды өнерінің басты даму моделі ақпаратты экстраполяциялау мақсатында негізгі құбылыстарды ықтималды-статистикалық бағалауға және алгоритмдік тәсілге негізделді.

6) Монументалды-сәндік гобелендердің интерьерді безендіру өнерімен өзара әрекеттесуін талдау негізінде, әртүрлі көркемдік әдістер мен құралдарын көркем-бейнелеу пластикасында синтездеуге (үйлесім) қабілетті. Қазақ гобелен өнеріндегі туындылардың мазмұндық ерекшеліктері негізінен халықтық сарын және ұлтқа тән философиялық дүниетаным мен табиғат көріністерін кеңінен енгізу арқылы әлемді тұтас қабылдауын көрсетеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы

Диссертациялық жұмыста баяндалған нәтижелер қазақ бейнелеу өнерінің құрылымындағы монументалды-сәндік гобелен жөнінде қалыптасып қалған түсініктерді кеңейтіп, оның эстетикалық және философиялық көпқырлылығын көрсетеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер өнертанушылар мен гобелен өнерінің суретшілері үшін кәсіби тұрғыда аса пайдалы болатыны сөзсіз.

Бұл жұмыс заманауи көркем тоқыма мамандары, студенттер, магистранттар, докторанттар сонымен бірге, монументалды гобелен

суретшілерінің теориялық білімін тереңдетіп, одан әрі кеңейте түсуге едәуір мүмкіншіліктер береді.

Қазақстандағы ұлттық монументалды-сәндік гобеленнің заманауи жаңашылықтарын зерттеу өнертанушылық-теориялық жағынан да, оқу-әдістемелік және тәжірибелік тұрғыда үлкен маңызға ие.

Диссертацияның талқылануы мен сыннан өтуі

Зерттеу нәтижелері Scopus компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық екі ғылыми басылымда, бір шетелдік ғылыми журналда жарияланған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, әр тарау екі бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 124 бет.